

АРМАНЫМДАҒЫ МАМАНДЫҚ

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ?





АРМАНЫМДАҒЫ МАМАНДЫҚ

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ?

Безендірген
Мубаровой Айнур



Астана
2023

УДК 159.9
ББК 88.1
П 84

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық
психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған*

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Авьяло: Айтмухамбетов Е.А.

Арманымдағы мамандық. Болашақ мамандықты қалай таңдау қажет? – Астана:
«Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 36 б.

ISBN 978-601-7638-44-3

«Арманымдағы мамандық. Болашақ мамандықты қалай таңдау қажет?» психология тұрғысынан мамандық таңдау үрдісі сипатталған. Өзінің ерекше дағдыларын, талантарын, құндылықтары мен мақсаттарын талдау және ұғыну, сондай-ақ мамандықтардың психологиялық типологиясын түсіну жасөспірімге сала таңдауға мүмкіндік береді (гуманитарлық, жаратылыстану, әлеуметтік, өнер, қолданбалы). Мамандықта табысты болуға қажетті қандай білім мен дағдыларды игеру қажеттілігі қарастырылған.

Кітап жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған. Мектеп психологы бұл материалды тәжірибелік жұмысында қосымша ретінде пайдалана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
П 84

ISBN 978-601-7638-44-3

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

Талант - бұл өзіңе, өз күшіңе сену.
Максим Горький

* * *

Үлкен талант көп еңбекті қажет етеді.
Пётр Ильич Чайковский

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман!.....	7
Ойын арқылы болашаққа қадам жасау	9
Психолог жазбалары.....	15
TEDx.....	17
Психолог жазбалары.....	22
Құштарлықпен жасалған таңдау.....	23
Психолог жазбалары.....	29
Ата-ана мен қамқоршылар назарына	31
Авторлар мен безендіруші туралы	33

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Барлық мамандықтардың өз ерекшеліктері болады. Сондықтан мамандық таңдау кезінде сол ерекшеліктерге мән берген жөн. Кейбіреулеріне үлкен ұжымда уақыт өткізу мүмкіндігі бар жұмыс ұнаса, басқаларына тыныш жерде не болмаса қашықтықтан жұмыс істеген ұнауы мүмкін. Жұмыстан барынша рахат алу үшін өзіңнің қажеттіліктеріңді, дағдыларың мен құндылықтарыңды білген жөн.

Саған қандай мамандық сәйкес келетінін, жеке қасиеттеріңді, қабілеттеріңді және ерекшеліктеріңді білу арқылы анықтауға болады. Бұл ретте психолог қол үшін бере алады. Болашақта қандай маман иесі болатыныңды білмей жүрсең, жоғарыда айтылған және осы кітапта бар кеңестерге құлақ асқаның жөн.

Сен бұл уақыт аралығында мамандығын таңдап қойған қатарластарыңның тарапынан, сен үшін уайымдап жүрген жақындарыңның тарапынан қысым сезінуің мүмкін. Оның үстіне, сен үнемі «Кім болатыныңды шештің бе? Қандай мамандықты таңдадың?» деген сұрақтардың астында қалуың мүмкін.

Өзіңе сәйкес келетін мамандық таңдаудың ең алғашқы дұрыс қадамы – кәсіби бағдарды анықтайтын тест тапсыру және психолог көмегіне жүгіну. Сол арқылы сен өзіңді мазалап жүрген сұрақтарға жауап ала аласың, өзіңнің мықты жақтарыңды біле алатын боласың.

«Арманымдағы мамандық» кітабы жеке қабілеттеріне негізделе, мамандық таңдаған үш жасөспірімнің оқиғасын баяндайды. Бұл оқиғаларда мамандық таңдау барысында кездескен кедергілері, уайымдары мен сезімдері сипатталған.

Қазір мамандық таңдау жолында жүрген жасөспірімдерге кітаптағы психолог кеңестері пайдалы құрал бола алады. Оңтайлы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін түрлі тақырыптар, талқылануы қажет сұрақтар ұсынылған.

Сонымен, арманыңдағы мамандықты қалай табу керегін білуге дайынсың ба?

Ойын арқылы болашаққа қадам жасау

Менің атым Айдын. Қарапайым мектептің қарапайым оқушысымын. Тасып бара жатқан білімім де жоқ, оқығым келетін құлшынысымның да ұрып тұрғаны шамалы. Істегенде басым кетіп айналысатын жалғыз ісім – ойын ойнау. Мектеп бітірмес бұрын соңғы 5 жыл бойына күнде естіген әңгімелерім де «Компьютер алдында көп отырасың! Сабағыңды оқы! Мектепте не оқисыңдар? Сотқанды тастасаңшы. Ақша табасың ба сол ойыннан ертең? Одан да сабағыңды оқы!» болатын. Сол кезде ешкім, тіпті мен де, расымен, ойын ойнау және ойын құрастыру менің мамандығым болатынын сезбеген едік. 4-сыныпта мектептен достарыммен шығып келе жатқанда, жақын досым Мирас интернет-кафеге баруды ұсынды. Интернет-кафе сөзін сол кезде бірінші рет естідім. Олар: «Жүрсеңші! Компьютер не екенін білемісің өзің? Қызық болады. Ойындардың түр-түрі бар. Қымбат та емес.» – деп әржақтан айтып, мені алып барды. Осылайша алғаш рет достарыммен интернет-кафеге барып, компьютерлік ойындар не екенін білдім. Сол кезден бері күнделікті анам берген ақшаның бөлігін жинап, ойын ойнауға көшеге кететінмін. Маған ойында өз уақытыңды ұтымды пайдалануың, дұрыс көздей білуің, қандай істен кейін қандай қимыл жасаған тиімді болатынын білу, бақылау қатты ұнайтын.

Уақыт өте келе анам да жеке компьютер сатып алып беретін болды. Қуанышымда шек болмағаны есімде. Тоқсандықтан барлық сабақтан 5-ке шығам деп уәдені де бердім, уәдемде тұрып, бір тоқсан үздік оқушы да болдым. Кейіннен ол да басылды. Аралас бағалар алғаныммен, жалғыз өзгермеген зат компьютерлік ойындарға деген құштарлығым болатын. Сабақты түгелдей дерлік 5-ке оқудан жалығып кеткеніммен, сонда да компьютерлік ойындарымды тастаған емеспін. Анамның айтуы бойынша, мектептен келе сала компьютерге жабысып алып отырады екенмін.

Жеке компьютерім пайда болғаннан бері міндетті түрде күніне 1 сағаттан ойнайтын болдым. Басында үйдегілер бұл



ісіме аса мән бермеген еді, уақыт өте олар маған ескерту бере бастады. Әрине, менің бұл қызығушылығымды тоқтату үшін компьютерді де сөндіріп, Wi-Fi да өшіріп көрген болатын. Маған ол мәселе қиындық туғызбай, көшеден ойнап келетінмін. Кейіннен ештеңе шықпайтынын түсінген ата-анам компьютерге отырсам да көп отырмауымды талап ететін болды. Үйдегілердің бұл шартына келісіп, аз да болса компьютерді күнделікті уақыттан ертерек өшіретінмін. Компьютерлік ойын болғандықтан, оның ішінде әртүрлі кілттер, стримдер, оңай ойнап кететін жолдары болады. Соларды тауып әрі түсініп аламын деп, өзім байқамай тағы бір тілді үйреніп алдым. Ол ағылшын тілі болатын. Мектепте үйренген білімім жеткіліксіз екенін түсініп, ойында жазылып тұратын ағылшын сөздерін қазақшаға аударып, мағынасын ұғып, тез-тез ойнайтын болдым. Мектептегі емтихандарда айтылымым жақсы болмағанымен, өз достарыма қарағанда оқылымды оңай орындайтынмын. Мұғалімім менің бұл сөздерді қайдан білетінімді таңғала сұрайтын. Сол кезде қуана көп ойын ойнағаннан деп жауап

беретінмін.

9-шы сыныпқа келгенде мектепте жаңа курс ашылды. Ол курс ерікті түрде өткізілді және өз қалауымыз бойынша тіркелетінбіз. Компьютер тіліне қатысты болғандықтан, жай тіркеліп, өз өмірімде жаңа бағытты ашқан болатынымын. Кез келген ойын кодтардан тұрады, ал код – компьютер тілі. Ол біз сөйлейтін тілден мүлдем өзгеше. Компьютер тілінде де өзге адамдар сөйлейтін тіл сияқты өзінің ерекшеліктері мен ережелері болады. Алайда кодтар арқылы компьютерді сөйлетуге, жүргізуге болады. Мектепте алған білімім ішінде ең құнды болғаны осы курс деп айтар едім.

Бір күні осы курстан беретін ағай маған жақындап келіп:

- Атың Айдын емес пе? Осы курста бірде-бір сабақты қалдырмаған оқушы сен ғана шығарсың. Қалдырмауыңның себебі неде? Жалпы курс туралы не айтасың? – деді.

- Иә, Айдын, ағай. Не үшін дейсіз бе? Маған компьютерлік ойындар қатты ұнайды. Осы курста өткен кодтар маған ойын ойнауда көп көмек береді, сол себепті барынша көп білуге тырысудамын. Сондай-ақ, ең қызығы, компьютерді өзің қалағандай жұмыс істетуге болады. Сен жазып берген ережемен компьютер саған есептің жауабын тауып беретіні ұнайды, – дедім.

- Компьютер ойындары дейсің ғой. Жарайды. Өзіңе ұнаса болғаны. Өскенде кім болар ойың бар?

- Білмеймін. Ойланбадым.

- Неге? Қазір шешпесең, кейін қиын болады. Әрі ҰБТ деп уақыт та болмайды.

- Иә, дұрыс айтасыз. Мүмкін компьютермен байланыстырармын. Үлкендер айтатындай «компьютерщик» болатын шығармын.



-Қой, олай деме. Сенен жақсы компьютер ойын маманы шығатын сияқты. Қарап көр. Қазақстанда жақсы мамандар аз. Иә, жай компьютер құрылысын білетіндер көп, бірақ керемет ойын жазып, әртүрлі деңгейде ойын құрып, компьютерлік бірнеше тіл білетін қабілетті маман аз. Ойланып қара.

Осы әңгімеден кейін ғаламтордан, ағылшын желілерінен жасанды интеллектке қатысты жаңадан шығып жатқан түрлі мамандықтар тізімін таптым. Ішінде биотехнология, киберспорт, кибертехника сияқты дамып келе жатқан кәсіптер болды. Соның ішінен геймдизайнер-программист, яғни ойын құрушысы дегені жаныма жақын тиді. Солай өзім үшін бір шешім қабылдадым.

10-сыныпта анам алғаш рет мамандыққа байланысты кім болғым келетінін сұрады. Мен іркілместен:

- Геймдизайнер-программист, – дедім. Анам маған біраз қарап тұрды да:

- Ол не тағы? – деді.


- Ойын құрушысы.

- Солай бірден айтпайсың ба? Сенімдісің бе? Өмір бойы сені асырайтын жұмысың ретінде компьютердегі ойын құрушыны таңдап, аш қалмайтыныңа сенімдісің бе? – деп сұрады. Мен: -Иә, – дедім. Сол күннен бастап математика мен физикаға аса мән беріп оқи бастадым. Осы 2 пән менің мамандығыма қатысты болғандығын түсінгендіктен, ҰБТ-дан дұрыс балл жинау үшін өзімді қолға алып, дайындалу керек болды. Соның өзінде компьютерде ойнауымды тоқтатқан емеспін.

Анам мен бірдеңені қаласам, алмай кетпей кететін мінезімді жақсы біледі. ҰБТ дан жақсы балл алуым керек деген ниетімді көріп, қайта-қайта қалай көмектесейін, бәрі жақсы ма деп сұрайтын. Сабақты 5-ке оқымағандықтан, қиыншылықтар болғаны рас. Физикадан кейбір тақырыптарды мектепке өтпей қалғандықтан, өзің оқып түсіну оңай болмады. Достарымнан

сұрасам да, білмеймін деген жауап аламын. Мұғалімнен сұраймын, түсіндіргендей болады, бірақ соңына дейін ұқпаймын. Ғаламторға жазып көрейін деп іздеп көргенімде, ағылшынша материалдар таптым. Толықтай түсінбесем де, сандар, теңдеу мен формулалардан өзімше қорытындылар жасап, үйренгенмін. Осы кезде де менің жеке үйренген, аз да болса, ағылшыным көмектесті.

Осындай дайындықпен бір жылдан кейін ҰБТ-ны тапсырдым. Өзім күткеннен аз балл жинадым. Дегенмен өз қалаған университетіме түсіп, қазір өзім қалаған мамандық бойынша оқудамын. Жақында студенттер арасында ойын құрудан жарыс ұйымдастырып, мен сәтті іріктеліп, арнайы грант иегері болдым. Бұл мүмкіндікті мен қаншама жылдар бойы ұзақ күттім. Кішкентай кезімде кодтарды үйрене бастағанымда, болашақта осы кодтарды қолданып, өзім де ойын құрармын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген. Осы әңгіме арқылы айтайын дегенім – өзіңіз қалаған мамандықты таңдап, құлшына оқып, тырысатын болсаңыз, кез келген жерде жеңіске жетуге болады. Енді дамып келе жатқан мейлі киберспорт, мейлі геймдизайнер болсын. Өз хоббиларыңыздың жай хобби болып қала бергенін қаламасаңыз, еңбектеніп, жан-жақты ізденуден шаршамаңыз.



Психолог жазбалары

Кез келген ойын күтпеген жаңалықтарға толы болады, егер кенеттен қадам жасайтын болсаң, ойын желісінің қандай екені немесе жеңіске жету кепілдігі көп жағдайда белгісіз. Осындай ерекшеліктері арқасында ойын ересектерді де, балаларды да өзіне баурап алады. Адамдардың барлығы дерлік ойын ойнағанды ұнатады, себебі ойын барысында адамның темпераменті, мінез ерекшеліктері, қабілеттері байқалады. Ойын ережелерді қабылдау жолын жеңілдетеді, өзін-өзі жетілдіруге, күрделі әрі стресстік жағдайларға төтеп беруге, шешім қабылдауға, қателіктерді қабылдауға және түзеуге көмектеседі. Адам ойыннан бас тартқысы келмейді.

«Ойын арқылы болашаққа қадам жасау» оқизасындағы басты кейіпкер өзге балалар сияқты жалықтыратын оқудан безу мақсатында компьютерлік ойындарға көңілін аударады. Кейіпкердің ата-анасы оны бала кезде жаңа компьютермен ынталандыра алған болса, қазір есейіп келе жатқан жасөспірімді бұрыңғыдай жаңа дүниемен қызықтыра алмайды. Оны жетістікке жетуге, оқуға деген қызығушылықты арттыруға, болашаққа деген қызығушылыққа бағдарланған мотивация арқылы ынталандыру қажет. Бұл оқизаның басты кейіпкерінде новаторлыққа және өнертапқыштыққа деген құлшыныс байқалды. Оның мұндай құлшынысы мен қабілеттері пайда болған кедергілерді еңсеруге жағдай жасады. Атап айтқанда, ойын ойнауға қарсылық, компьютерді қолдану уақытын азайту және оқу жүктемесі сияқты кедергілерге төтеп бере алады. Өзінің қабілеттері мен құлшыныстарын дамытып, кеңейте отырып, қызығушылығын хоббиге айналдыра алды. Ойынға деген қызығушылығын тереңдете отырып, кәсіби жолға түсе бастады. Таңдау жолына түспейтін адам жоқ шығар. Кез келген адам таңдау жасайды, кейде қателесуі де мүмкін. Қателік жасау –

Психолог жазбалары

шешім қабылдау үрдісінің бөлігі. Бұл – қалыпты жағдай.

Барынша аз қателік жіберу үшін өз өміріңді талдап үйрену керек: қолыңнан не келеді, нені жасағанды ұнатасың, не қызықтырады, не нәрсе сенде құлшыныс оятады, қай іске барыңды беруге дайынсың?

Болашақ мамандық таңдау кенеттен жасалған әрекет болмауы қажет, оның үстіне, стресс жағдайында шешім қабылданбауы маңызды. Таңдау жасау – өз мүмкіндіктеріңді, қабілеттеріңді зерттеуге бағытталған қызықты ізденіс жолы. Сондықтан өзіңді түрлі әр бағытта сынап көрсең болады.

Мысалы, атақты детектив жазушысы Дик Френсис өмірі барысында ұшқыш, жокей, журналист, жазушы мамандықтарын игеріп, сол бағыттарда қызмет етіп көрген. Қай сала болмасын өзін жоғары дәрежеде көрсете алды, себебі келесі ұстанымдарға негізделе өмір сүрді: бастаған істі соңына дейін аяқтау, барлығын сапалы орындау, бір жетістікпен шектелмеу. Осы ұстанымдары арқылы кәсіби бағдарында туындаған кқиыншылықтарды жеңе білді. Оның үстіне, бұл мамандықтар оның балалық шағының арманы болған екен.

Сондықтан сен де өз қабілеттеріңді шыңдап, балалық шағыңның армандарыңа ұмтыл!